

91.9:80

Қ44



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

**СЕЙІТ  
АСҚАРҰЛЫ  
ҚАСҚАБАСОВ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ  
АКАДЕМИГІ, ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ  
ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР СЕЙІТ АСҚАРҰЛЫ  
ҚАСҚАБАСОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ, ҚОҒАМДЫҚ  
ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ  
ҚЫСҚАША ОЧЕРК**

Көрнекті фольклортанушы-ғалым, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, филология ғылымдарының докторы, профессор Сейіт Асқарұлы Қасқабасовтың ғылыми, қоғамдық және педагогикалық қызметі өткен ғасырдың 60-жылдарынан бастап қазақ фольклортану және әдебиеттану ғылымдарының дамуымен тығыз байланысты. Ол республикадағы ұлттық фольклортану ғылымына үлкен үлес қосып, мифтану және ауызша проза сияқты фольклортану салаларының негізін қалады.

Академик С.А.Қасқабасовтың еңбектері күрделі құбылыстардың терең қатпарларына бойлай енуімен, ойтұжырымдарының жаңашылдығымен, үлкен талант қабілетімен ерекшеленеді. Ғалымның көптеген зерттеулерінде қазақ фольклоры мен әдебиетінің ежелгі түп-тамырынан бастап бүгінгі күнге дейінгі өзіндік даму жолдары, қазіргі жаһандану замандарындағы жетістіктері жан-жақты ашып көрсетілген; оның фольклортану, әдебиеттану және өнертанудың өзекті мәселелеріне арналған және өмірмен тығыз байланысты зерттеулері әдеби процесс пен әдебиет туралы ғылымға игі ықпал етіп келеді.

Сейіт Асқарұлы Қасқабасов 1940 жылы 24 маусым күні Семей қаласында дүниеге келген. Әкесі Асқар қазақтың дербес атты әскерінде міндетті борышын өтеп, Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданында басшы қызметте болған. 1941 жылы соғысқа аттанған соң анасы Әужан КСРО-ның «Скотоимпорт» деп аталатын мекемесінің Семейдегі бөлімшесінде жұмыс істеп, 1943-1950 жылдары Қызыл Армияны азық-түлікпен қамтамасыз ететін Семейдегі алып ет комбинатына Қытай мен Моңғолиядан мал айдап әкелуге табыншы ауыр міндетін атқарады. Жас Сейіт анасымен бірге 1947 жылға дейін мал айдаумен шұғылданады, бала жасынан өмір ауыртпашылықтарын басынан өткеріп, үлкен азамат болып қалыптасады.

1947 жылы Семей қаласының Жаңасемей бөлігіндегі №5 орта мектепке оқуға барады. Әкесі соғыста опат болған соң 1950 жылы нағашы атасы Әбдікерімнің ұйғаруымен Алматыға көшіп келеді де, Қаскелең ауданының Чапаев атындағы колхозында тұратын нағашыларының ауылына қоныстанады. Сол жерде 7-ші класты бітірген соң 1954 жылы Алматы қаласындағы Жамбыл атындағы №18 орта мектепте (кейін №12 мектепке қосылған) оқуын жалғастырады. Мектепті 1957 жылы ойдағыдай бітірген соң атасы Әбдікерім, әжесі Жарқынай, анасы Әужан төртеуі бірігіп, колхоздың мал шаруашылығында жұмыс істейді.

1959 жылы атасы қайтыс болған соң, анасының тілегі бойынша жоғары оқу орнына түсуге Алматыға қайтып келеді де, Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының (қазіргі Қазақ ұлттық педагогикалық университеті) тарих-филология факультетіне оқуға түседі. Студент болып жүріп, ол музыка кабинетінің жетекшісі

міндетін атқарады әрі фольклор жинаумен шұғылданады. Екінші курста оқи жүріп ғылымға бейімділігін танытады, көрнекті фольклортанушы-ғалым, Қазақстан ҒА корреспондент-мүшесі Н.С.Смирнованың жетекшілігімен фольклор жинаумен және зерттеумен айналысады, студенттік ғылыми конференцияларда баяндамалар жасайды, арнайы фольклорлық экспедицияларға шығады. Ол 1964 жылы бесінші курста алғашқы ғылыми еңбегін жариялайды. Е.Тұрсыновпен бірігіп жазған «Сказочник Шалкарбай Данылбаев» деген мақаласы академик-жазушы С.Мұқановтың 60 жылдығына арналған «Вопросы казахской филологии» атты академиялық басылымда жарық көреді. Институтта үздік оқып, бейімділік танытқан талантты жасты ғылыми кеңес аспирантураға ұсынады.

1964 жылы С.Қасқабасов М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аспирантурасына қабылданады да, қазақтың қиял-ғажайып ертегілерін зерттеуге қызу кіріседі. Сонымен бірге осы жылдары ол орыс тілінде 1968 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиетінің тарихын» жазуға қатысады, бірінші томға екі тарау жазады (Е.Тұрсыновпен бірге). 1968 жылы аспирантураны тамамдаған соң Әдебиет және өнер институтында қызмет істеуге қалдырылады. 1969 жылы ол «Казахская волшебная сказка» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды. Диссертация жоғары бағаланып, жариялауға ұсынылады. 1972 жылы жеке кітап болып жарық көрген бұл еңбек КСРО Ғылым академиясының ең тандаулы кітаптары қатарында (Вестник АН СССР, 1973, №7) аталып, одақтық басылымдарда жоғары бағаланады (Вопросы литературы, 1973, №9; Советская тюркология, 1974, №6; Русский фольклор, 1974, вып. 14).

Осы жылдары ол атақты орыс саяхатшысы және фольклортанушысы Г.Н.Потанин жинаған қазақ фольклоры үлгілерінің академиялық жинағын құрастырып, жариялауға қатысады. Жинақ ғылыми тұрғыдан өте жоғары бағаланып, «Советская этнография», «Советская тюркология» журналдарында арнайы пікірлер жазылады.

1970-1979 жылдар аралығында С.Қасқабасов Қазақ ССР Ғылым академиясының Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің ғалым-хатшысы болып, ғылыми-ұйымдастырушылық жұмыспен шұғылданады, әрі «Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы» журналының жауапты хатшысы болып істейді. Сонымен бірге фольклортану саласында зерттеулер жүргізіп, мақалалар жазады, көптеген бүкілодақтық және республикалық конференцияларда баяндамалар жасайды. 1979 жылы бір топ ғалымдармен бірге «Хайуанаттар туралы қазақ ертегілері» атты қазақ және орыс тілдеріндегі академиялық томды жарыққа шығарады, тарихи жырдың жанрлық сипаты мен зерттелу тарихына арналған еңбегін жариялайды.

1979-1981 жылдары Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер болып, институттың жоспарлы жұмыстарына белсене қатысады, «Ертең пен эпостың сюжеттік типологиясы», «Қазақ ертегілерінің текстологиясы» және т.б. зерттеулер жазады.

1981 жылы КСРО Ғылым академиясы Төралқасының қаулысы бойынша Сейіт Қасқабасов Мәскеудегі КСРО Ғылым академиясының М.Горький атындағы Әлем әдебиеті институтында аға ғылыми қызметкер міндетін атқарып, сол институттың жоспарлы жұмыстарын

орындайды. Осы институт шығарған «Фольклор народов СССР и современность» және КСРО Мәдениет министрлігі Өнертану институты дайындап шығарған «Фольклорный театр народов СССР» атты монографиялық еңбектерге арнаулы тараулар жазады. Соған қоса «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек» жырларын орыс тіліне тәржімалап, бұл ғажап туындылар туралы зерттеулер жүргізеді және қазақ фольклорының прозалық жанларын зерттеуге кіріседі.

1984 жылы Алматыға қайта оралып «Қазақтың халық прозасы» атты монографиясын жарыққа шығарады. Бұл кітап Қазақстан Ғылым академиясының ең жоғарғы наградасы – Ш.Уәлиханов атындағы сыйлыққа ие болады. Осы еңбек туралы АҚШ-та рецензия жарияланады («Бюллетень Ассоциации тюркологов», США, 1986, №2), бұрынғы Одақ көлемінде де мақалалар жарыққа шығады.

1984-1987 жылдары М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға, жетекші ғылыми қызметкер болып істейді. 1986 жылы өнердің таусылмас негізі ретінде зерттеген «Родники искусства» атты кітабы жарық көрді. 1987 жылы (проф. С.Исаевпен бірге) «Қазақша-орысша сөздікті» қайта қарап, редакциялап, толықтырып, түзетулер енгізіп жарыққа шығарды. Осы кезеңде ол «Қазақ әдебиеті тарихын» 10 том етіп шығару мәселесін көтеріп, «Қазақ фольклорының тарихына» арналған жоба-жоспар жасап, баспа бетінде жария етеді («Известия АН КазССР, серия филологическая», 1988, №4). Ғалымның бұл ойы кейін Әдебиет және өнер институтына директор болған кезде толық жүзеге асып, «Қазақ әдебиетінің тарихы» алғаш рет 10 том болып жарық көрді.

1988 жылы Сейіт Қасқабасов Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне қызметке шақырылып, Идеология бөлімінің консультанты, содан соң Саяси процестер социологиясы Орталығының жетекшісі болып істейді. Бұл қызметтерді атқару үстінде ол Шәкәрім, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Мәшһүр Жүсіп Көпеев сияқты классиктердің шығармашылық мұрасын ақтап, жариялау мен зерттеу туралы құжаттар мен басқа материалдарды дайындап зерттеу ісіне белсене түрде атсалысып, сондай-ақ ХІХ-ХХ ғасырдың бас кезінде өмір сүрген ақын-жазушылардың шығармаларын, көптеген фольклор үлгілерін пайдалануға тыйым салған партиялық қаулылардың күшін жойған және 1930-40, 50-ші жылдары репрессияға ұшыраған адамдарды ақтап, әділдік орнатқан құжаттарды дайындады. Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесіне 1932 жылғы ашаршылық құрбандарына жыл сайын 31 мамырды еске алу күні деп белгілеп, құрбандарға арналған монумент тұрғызу қажеттігін айтып, ұсыныс енгізді. Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі бұл ұсынысты қабылдап, арнайы қаулы қабылдады (төрағасы Е.Асанбаев).

1989 жылы М.В.Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университетінде «Жанры казахской народной (несказочной) прозы» деген тақырыпта докторлық диссертациясын сәтті қорғайды. Ресми оппоненттер болып академик З.Ахметов, проф. Х.Короглы (МГУ), проф. Ж.Азбелев (КСРО ҒА Орыс әдебиеті институты) сөйлейді. Жетекші мекеме – КСРО Ғылым академиясының Әлем әдебиеті институты болады.

1990 жылы С.Қасқабасовтың «Казахская сказочная

проза» деген монографиясы жарыққа шықты. Еңбекті ғылыми, мәдени жұртшылық өте жоғары бағалады. Кітап 1992 жылы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығына ұсынылып, авторы лауреат атанды.

1991 жылы фольклортанушы-ғалым Финляндиядағы Халық шығармашылығын зерттеушілердің Халықаралық қоғамына толық мүше болып қабылданады.

1991-1992 жылдары С.Қасқабасов Қазақстан Республикасы Президенті мен Министрлер Кабинеті аппаратында әуелі Мәдениет секторының меңгерушісі, содан соң Білім, жастар, туризм мен спорт бөлімі меңгерушісінің орынбасары болып қызмет атқарды. Бұл қызметте жүріп, ол Қазақстан Республикасы егемендігінің алғашқы құжаттарын, мемлекеттік рәміздерін даярлауға қатысты. Республиканың Әнұраны мен Елтаңбасын және Туын таңдау комиссиясының мүшесі болды. Елтаңбаға байланысты оның айтқан ұсынысы толық қабылданды. Сонымен қатар Абайдың 150 жылдық, Сәкеннің, Мағжанның, Бейімбеттің 100 жылдық мерейтойларын өткізу туралы қаулыларды дайындады, республикалық мерейтой комиссияларына мүше болды.

1992 жылы маусым айында С.А.Қасқабасов Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен ашылған Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Жоғары аттестациялық комиссияның (ЖАК) төрағасы болып тағайындалды. ЖАК-тың алғашқы төрағасы ретінде де елімізде ғылым саласын аттестациялау бойынша білікті кадрлар даярлау ісіне үлкен үлес қосты. Оның бастамасымен Халықаралық мемлекеттік органдарды аттестациялау ассоциациясы – МАГАТ құрылды. Ол осы



беделді ұйымның бірінші төрағасы болып сайланды. «ЖАК туралы Ереже», «Ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар беру тәртібі туралы ережелер» сияқты алғашқы заңнамалық құжаттарды тікелей өзі дайындады. Л.Н.Гумилев атындағы Евразия Ұлттық университетінде істеген жылдары шығыстану факультеті мен «Евразия» ғылыми-зерттеу орталығын ашып, басшылық етті.

1992 жылы «Колыбель искусства» деген атпен ғалымның біраз зерттеулері жеке кітап болып шықты. Мұнда қазақтың фольклорлық театры, қазақ ертегілерінің эстетикасы, «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» мен «Қыз Жібек» жырлары, қазақ мифологиясы, тарихи өлеңдер мен Қорқыт, Асан Қайғы жайындағы аңыз-әпсаналар туралы зерттеулер енген.

1993-1994 жылдары ол өзінің шәкіртімен (К.Матыжанов) бірігіп В.Радловқа арналған екі кітап шығарады: «Алтын сандық» және «Ел қазынасы – ескі сөз». Екеуінде де В.Радлов жинаған қазақ фольклоры үлгілері мен ақын-жыраулардың шығармалары енген. Алғашқысы – жоғары оқу орындарына бейімделген, ал екіншісі – таза академиялық ғылыми басылым: арнайы мақала, текстологиялық анықтама және ғылыми түсініктемелері барыншы толық берілген.

1994 жылдың қыркүйегінен 1995 жылдың сәуіріне дейін Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты директорының орынбасары қызметін атқарды.

1995 жылдың сәуірінен бастап сол институттағы Қолжазба орталығын басқарды.

1995 жылғы 21 маусымда Қазақстан Республикасы

Ұлттық ғылым академиясының корреспондент мүшесі болып сайланды.

1995 жылы ұлы Абайдың 150 жылдығы құрметіне «Абай және фольклор» атты еңбегін жариялады. Онда ғалым Абай шығармашылығының басты қайнар көзі – фольклорды ұлы ақын қалай және қандай дәрежеде, максатта пайдаланғанын зерттеген. Абайдың «Ескендір», «Масғұд», «Әзімнің әңгімесі» поэмаларының сюжеттік негізін ашады, Абайдың қазақ мақал-мәтелдерін қалай зерттегенін, қалай, қай принцип бойынша бағалағанын көрсетеді.

1996 жылы 29 наурызда «Фольклортану» мамандығы бойынша профессор ғылыми атағын алды.

1996 жылы халық поэзиясының алыбы Жамбылдың 150 жылдық тойына арнап, ақынның таңдамалы шығармаларын орыс тілінде I том етіп, жарыққа шығарды. Томды зерттеу мақала ашады, әр мәтінге толық ғылыми түсініктеме берілген. Сол жылдың сәуір айында ресми делегация құрамында Москвада өткен Қазақстан күндері мен Жамбыл мерейтойына арналған салтанатқа қатысты.

1996 жылы С.Қасқабасовқа халықаралық Жамбыл қорының Жамбыл атындағы сыйлығы берілді.

1997-1999 жылдары Л.Н.Гумилев атындағы Евразия мемлекеттік университетінде алғаш рет құрылған «Евразия» ғылыми-зерттеу орталығының (ҒЗО) жетекшісі, 2000-2001 жылдары осы университеттің жаңадан ашылған шығыстану факультетінің деканы, әрі «Евразия» ҒЗО жетекшісі қызметтерін абыроймен атқарды.

2001 жылдың 26 қыркүйегінде С.А.Қасқабасов ҚР Білім және ғылым министрлігінің арнайы тапсырмасымен өзі

ұзақ жылдар істеген М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры болып тағайындалды. Сол уақыттан бері осы жауапты міндетті мінсіз атқарып, үлкен бедел биігінен көрініп келеді. Іскер басшы қажыр-қайраты мен білімінің арқасында аз уақыт аралығында тұралап қалған институт жұмысын ілгері жылжытып, беделін көтерді. Ғалымның тікелей басшылығымен «Қазақ әдебиеті тарихының» 10 томдық жаңа басылымы, 3 томдық «Қазақ өнерінің тарихы» алғаш рет жарыққа шықты. “Қазақ әдебиеті тарихының” фольклорға арналған 1-ші томы С.Қасқабасовтың тікелей басшылығымен және негізгі авторлығымен жазылып, тәуелсіздік талаптары тұрғысынан жаңаша зерттелген ой-тұжырымдармен, тың пайымдаулармен ерекшеленді.

С.А.Қасқабасовтың тікелей бастамасымен және басшылығымен «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша тұңғыш рет «Бабалар сөзі» сериясы бойынша қазақ фольклорының 100 томдық басылымын шығару қолға алынды, қазір бұл серияның 63 томы жарық көрді, сондай-ақ 5 томдық «Қазақ музыкасының антологиясы» жинағы да алғаш рет жарыққа шықты. Қазір институтта ғалымның жетекшілігімен бірінші рет жүзеге асып жатқан 20 томдық «Әдеби жәдігерлер» сериясының 8 томы оқырмандарға жол тартты.

С.А.Қасқабасов директор болып келгелі институтта ежелгі әдебиет, әлем әдебиеті және халықаралық қатынастар, абайтану және жаңа әдебиет бөлімдері ашылып, жемісті жұмыс істеуде, сондай-ақ, ғалымның бастамасымен ашылған өнертану ғылымдарының кандидаты ғылыми жәрежесін алу үшін диссертация қорғау

кеңесі, институт жанындағы Д 53. 34. 01. Диссертациялық кеңесінде ашылған 10.01.01. – орыс әдебиеті; 10.01.04 – Қазақстан Республикасы және жаңа шет елдер халықтары әдебиеті мамандықтары бойынша жұмыстар сәтті атқарылуда.

Қазіргі қазақ фольклортану ғылымының дамуы Қасқабасов есімімен тығыз байланысты. Ол түрлі кезендердегі мәдениеттердің өзара ықпалдасуы мәселелерін тарихи-салыстырмалы тұрғыда зерттеудің көрнекті өкілі ретінде танылып, ғылыми ізденістердің тереңдігін педагогикалық жұмыспен үйлестіріп келеді. Оның еңбектері әлемдік маңызға ие болып, алыс-жақын шет елдерде жоғары бағаланды.

С.А.Қасқабасов – Ресейдің академиялық әдебиеттану ғылымының белді өкілі, ортағасырлық әдебиет тарихы бойынша маманданған, әдеби байланыстарды, евразиялық сабақтастық және әлемдік фольклор мен өнер мәселелерін зерттейді.

Оның қаламынан отандық сөз өнерінің теориясы мен тарихына, тенденцияларына және халық ауыз әдебиетіне арналған үш жүзден астам ғылыми зерттеулер шыққан. С.А.Қасқабасов – фольклор, әдебиет және өнер туралы 10 монографияның авторы. Кеңестік кезеңде мифтік образдар туралы зерттеулер жүргізу соншалықты ынталандырылмады. Ғалым мифологияға арналған докторлық диссертациясын тек 1989 жылы Москвада қорғады. 2000 жылы оқымыстының фольклорға, мифологияға, мәтінтануға, этнография мен өнерге арналған екі томдық «Золотая жила» атты еңбегі, 2002 жылы «Жаназық», 2008 жылы «Елзерде», 2009 жылы «Ойөріс»